

Бас қаланың инфрақұрылымын дамыту тапсырылды



Мемлекет басшысы Астана қаласының әкімі Жеңіс Қасымбекті қабылдады. Кездесу кезінде елорда басшысы Президентке бас қаланың әлеуметтік-экономикалық және инфрақұрылымдық дамуы туралы баяндады.

Қасым-Жомарт Тоқаевқа негізгі экономикалық көрсеткіштер бойынша оң динамика бар екені жөнінде мәлімет берілді. Биылғы 10 айдың ішінде бір триллион теңгеден астам инвестиция тартылған. Жыл соңына дейін жалпы сомасы 87,7 миллиард теңге болатын 25 инвестициялық жобаны, соның ішінде өңдеу өнеркәсібі саласында – 14, білім және медицинаға қатысты – 7, логистика бағытында 4 жобаны іске қосу

жоспарланып отыр. Бұл бастамалар 1,4 мың жұмыс орнын ашуға мүмкіндік береді.

Мемлекет басшысына жылыту маусымының барысы туралы да айтылды. Атап айтқанда, биыл күзде «Оңтүстік – Шығыс» газ жылу стансасының, «Тұран» газ жылу стансасының бірінші кезеңінің және үшінші ЖЭО-ның бірінші кезеңінің құрылысы аяқталды. Елорданың тыныс-тіршілігін

қамтамасыз ететін бұл нысандардың қуаты – сағатына 1 140 гигакалория. Қала ұзақ уақыттан бері алғаш рет биылғы жылыту маусымында жылу энергиясына деген сұранысты артығымен қамтамасыз ететін болды.

Келесі жылы «Тельман» газ жылу стансасының бірінші және «Тұран» газ жылу стансасының екінші кезеңі пайдалануға беріледі деп жоспарланып отыр. Бұл нысандар қаланы қосымша 850 Гкал/сағат жылумен қамтуға септігін тигізеді.

Сонымен қатар Жеңіс Қасымбек әлеуметтік нысандар (мектеп, жеңілдікпен берілетін қолжетімді тұрғын үйлер, медициналық орталықтар) салу, құрылысы ұзаққа созылған нысандардың жұмысын аяқтау, апатты жағдайдағы ескі үйлерді сүру, тұрғын үй алаптарын дамыту және басқа да жұмыстар жөнінде баяндады. Атап айтқанда, келесі жылы елордада бес оқушылар сарайының, сондай-ақ мемлекеттік балабақшалардың құрылысы басталады.

Кездесу соңында Қасым-Жомарт Тоқаев қала басшысына әлеуметтік және инженерлік инфрақұрылымды одан әрі дамыту жөнінде бірқатар тапсырма берді.

САРАПТАМА

«АрселорМиттал Теміртау»: Қайғылы күндер артта қалды ма?



Бейбіт заманда жүздеген кеншінің қаза табуына себепкер болған «АрселорМиттал Теміртау» кәсіпорны акыры еліміздің меншігіне өтіп, жаңа инвестордың иелігіне тапсырылды. Кен шахталарын мәйітханаға айналдырған компаниямен келісімшарт үзілді. Сөйте тұра, «ArcelorMittal» компаниясы Қазақстан үкіметінен 3,5 млрд доллар сұраған. Бірақ келіссөзді аса байыпты жүргізген министрлер кабинеті мәмілені 286 млн доллармен жапты. Жылдар бойы кеткен есемізді тым құрыса осылай қайтарып, көңілімізді демдейік. Кәсіпорынның арғы-бергі тарихы қандай еді, ендігі тірлігі қайтіп өрілмек, жаңа инвестор кім, мәміле экономистердің көңілінен шықты ма? Сан сауалға жауап табуға тырысып көрейік.

Телефон арқылы сөйлесті

Президент Қасым-Жомарт Тоқаев Армения Премьер-министрі Никол Пашинянмен телефон арқылы сөйлесті.

Өңгімелесу барысында Президент Қасым-Жомарт Тоқаев екіжақты қатынастардың дәйекті дамып келе жатқанын атап өтіп, өзара байланыстарды нығайтуға белсенді саяси диалог және екі мемлекеттің үкіметтері мен парламенттері деңгейіндегі

ықпалдастық септігін тигізетінін айтты. Мәдени-гуманитарлық ынтымақтастық та қарқынды дамып келеді.

Қасым-Жомарт Тоқаев «Ақтау – Ереван – Ақтау» бағыты бойынша әуе рейстерінің іске қосылуын оң бағалады.

Соның нәтижесінде бизнес-байланыстар мен туристік сапарлар айтарлықтай жандана түсті.

Тараптар перспективті бағыттардағы, соның ішінде көлік, логистика және сауда салаларындағы қарым-қатынастарды одан әрі арттыру мәселесін талқылады. Сонымен қатар Мемлекет басшысының Армения Республикасына ресми сапарын ұйымдастыру мәселелері қарастырылды.

Мемлекет басшысының «Болашақ» халықаралық бағдарламасының 30 жылдығымен құттықтауы

Құрметті Форумға қатысушылар!

Баршаңызды «Болашақ» халықаралық стипендиясының белгіленгеніне 30 жыл толуымен құттықтаймын!

Бұл – Қазақстанның әр түкпіріндегі дарынды жастарға жол ашқан теңдессіз бағдарламаның мерейлі белесі.

Осы бірегей жоба мемлекетімізде озық ойлы әрі білікті кадрлар резервін қалыптастыруға зор септігін тигізді. «Болашақ» бағдарламасының мыңдаған түлегі бүгінде түрлі саладағы оң өзгерістің жаршысы болып, еліміздің игілігі үшін табысты еңбек етіп жүр.

Қазір Қазақстанды өркендете түсеу үшін тың серпіліс қажет.

Біздің алдымызда ел экономикасының құрылымын қайта түзу, саяси жүйені одан әрі жаңғырту және шын мәнінде әділетті әрі инклюзивті қоғам қалыптастыру сияқты ауқымды міндеттер тұр. Осы орайда білім беру саласына инвестиция салу және азаматтардың өз әлеуетін толық пайдалануына мүмкіндік жасау өте маңызды. Мемлекет адал азаматқа тән қасиеттерді бойына сіңірген дарынды, еңбекқор, талапты жастарды әрдайым қолдайды.

«Болашақ» бағдарламасының түлектері ғана емес, еліміздегі барлық жас мамандар Қазақстанды жан-жақты жаңғырту жолындағы келелі іске өз үлесін қосады деп сенемін.

Баршаңызға бақ-береке, талағай табыс тілеймін!

Абай АЙМАҒАМБЕТ,
«Egemen Qazaqstan»

Мәміле мәніне үңілсек

Өнеркәсіп және құрылыс министрі Қанат Шарлапаевтың айтуынша, 2022 жылғы 9 желтоқсанда Үкімет пен «ArcelorMittal» арасында «Standstill Agreement» келісіміне қол қойылды, бұл қазақстандық тарапқа кәсіпорынды бағалау мен аудит жүргізуге мүмкіндік берді. Шарлапаевтың сөзінше, қарсы тараптың 3,5 млрд доллар сұрауы келіссөз үдерісінің ұзаққа созылуына әсер етті.

«Біздің мақсатымыз қымбат және ұзаққа созылған халықаралық сот

үдерістеріне жол бермей, комбинатты әділ бағамен сатып алу болды. Кәсіпорын жұмысы тоқтап қалмас үшін келіссөздердің жедел әрі шұғыл жүруі маңызды еді. Келіссөздер үдерісі 11 раундтан тұрды, нәтижесінде екі тарап та принципті ұстанымға қол жеткізді. Қазақстан Үкіметі мен «ArcelorMittal» арасындағы келісімді мега-мәміле деп атауға болады, ол біздің еліміз үшін айрықша маңызға ие. Біз басқа елдердің үкіметі тап болған көптеген тәуекелден аулақ болдық», деп түсіндірді министр.

(Соңы 9-бетте)

РЕСМИ

КАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ПРЕЗИДЕНТІНІҢ ЖАРЛЫҒЫ Адам құқықтары мен заң үстемдігі саласындағы іс-қимыл жоспары туралы

Адам құқықтары мен заң үстемдігін қорғау жүйесін одан әрі дамыту мақсатында **ҚАУ.Ы ЕТЕМІН:**

1. Қоса беріліп отырған Адам құқықтары мен заң үстемдігі саласындағы іс-қимыл жоспары (бұдан әрі – Іс-қимыл жоспары) бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасы Үкіметі:
1) Іс-қимыл жоспарын іске асыру бойынша қажетті шараларды қабылдасын;
2) жартыжылдық негізде 15 шілдеге және 5 қаңтарға дейін Қазақстан Республикасы Президентінің Әкімшілігіне Іс-қимыл жоспарының орындалу барысы туралы ақпарат ұсынсын.
3. Осы Жарлық қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

**Қазақстан Республикасының Президенті
Қ.ТОҚАЕВ**

Астана, Ақорда, 2023 жылғы 8 желтоқсан
№ 409

*Адам құқықтары мен заң үстемдігі
саласындағы іс-қимыл жоспары
6-бетте жарияланып отыр*

Адам құқығын қорғайтын ұлттық жүйе



Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев «Адам құқығы мен заң үстемдігі саласындағы іс-қимыл жоспары туралы» Жарлыққа қол қоюына байланысты X парақшасында жазба жариялады.

«Дүниежүзілік адам құқықтары күніне орай «Адам құқықтары мен заң үстемдігі саласындағы іс-қимыл жоспары туралы» Жарлыққа қол қойдым. Жоспарда гендерлік теңдікті күшейтуге, тұрмыстық зорлық-зомбылыққа қарсы күреске, қылмыстық сот төрелігі саласында азаматтарды қорғауға, азаптау мен қатыгездіктің алдын алуға бағытталған бірқатар шара қамтылған. Бірлесу бостандығы құқығы мен еңбек құқығын, сондай-ақ мүмкіндігі шектеулі азаматтардың құқықтарын қамтамасыз ету жолдары қарастырылған. Құжат адам құқықтарын қорғаудың ұлттық жүйесін нығайтады. Жоспарды жүзеге асыру шеңберінде тиісті заңдар қабылданады», деп жазды Президент парақшада.

ЖУРНАЛИСТ ЖАЗБАЛАРЫ

Қытайдың атом энергетикасы немесе қисапсыз қуатты қайнар көзге айналдырған ел

Адамзаттың асыл арманына айналған арзан энергия қай кезде де өзектілігін жоғалтқан емес. Оны алудың онтайлы жолын іздеп, онай тәсілін тапқандар бүгінде бөрінен оқ бойы озық тұр. Расында аstatок қуат алудың қай амалын қамдамалық десеніңіз? Оттанда, судан да, күннен де, желден де, тіпті жер астына жасырынған қазба байлықтарын да қопарудан тайынбадық. Тіршілігі түгел соған тәуелді болған соң тартыншақтаудың да ретін таппайды екенсің...

Амангелді КИЯС,
«Egemen Qazaqstan»

Жыл санап өсіп жатқан Жер тұрғындары үшін жарық пен жылу – өте өзекті мәселе. Шақпақ соғып, шок үрлеген ықылым замандардан бүгінге дейінгі аралық энергия алудың эволюциялық даму жолы іспеттес. Қоршаған ортадан



қуат алу барған сайын қиындап, күн өткен сайын күрделеніп барады. Ғалымдардың жадында пісіп-жетілген жаңа технология да бір орнында тұрақтап тұрған жоқ. Алға басқан адамзат көшімен бірге ілгері адымдап, өрлеп барады...

Сондай мемлекеттің санатына жататын ел – санғасырлық тарихы бар

шығыстағы алып көршіміз Қытай Халық Республикасы. Дәл осы ел Қазақстанда АЭС салуға техникалық-коммерциялық ұсыныс берген 4 мемлекеттің бірі атанып отыр. Жуырда сол елге бір топ журналистің жолы түсті.

(Соңы 5-бетте)

Қазақстан Республикасы Президентінің 2023 жылғы 8 желтоқсандағы №409 Жарлығымен БЕКІТІЛГЕН

Адам құқықтары мен заң үстемдігі саласындағы ІС-ҚИМЫЛ ЖОСПАРЫ

№	Іс-шараның атауы	Аяқталу нысаны	Іске асыру мерзімдері	Жауапты орындаушылар
1	2	3	4	5
1. Ерлер мен әйелдердің тең құқықтары мен мүмкіндіктерін ілгерілету				
1.	Әкімнің гендерлік теңдік мәселелері бойынша штаттан тыс кеңесшісі лауазымын, оның ішінде азаматтық қоғам, сарапшылар және бизнес-қоғамдастық қатарынан құру	Президент Әкімшілігіне ақпарат	2024 жыл	Үкімет, АҚҰО (келісім бойынша)
2.	Үкіметтің ерлер мен әйелдердің тең құқықтары мен мүмкіндіктерін ілгерілетуді қамтамасыз ету жөніндегі іс-қимыл жоспарын әзірлеу және қабылдау	Үкімет қаулысы	2024 жылғы тамыз	Үкімет, АҚҰО (келісім бойынша)
3.	БҰҰ, ЕҚЫҰ органдары мен институттарын ықтимал тарта отырып, әйелдердің, оның ішінде мемлекеттік қызметшілердің, саяси партиялар өкілдерінің және азаматтық белсенділердің біліктілігін арттыру мақсатында олар үшін семинар-тренингтер өткізу	тренингтер	2024-2025 жылдар	Үкімет
2. Бала құқықтары				
4.	Бала құқықтары жөніндегі өңірлік уәкілдердің мәртебесін заңнамалық тұрғыдан бекіту және олардың күш-жігерін ҚР Бала құқықтары жөніндегі уәкілмен біріктіру	Заң жобасы	2024 жыл	Үкімет, АҚҰО (келісім бойынша)
5.	Мыналарды: 1) ауыл шаруашылығында, құрылыста және қызмет көрсету саласында балалар еңбегін заңсыз пайдалануды анықтау туралы кешенді деректер алуды; 2) көшпелі және жоспардан тыс тексерулер жүргізу, сондай-ақ еңбек инспекциясының жүйесін нығайту бойынша ұсыныстар әзірлеуді қамтитын зерттеулер жүргізу	Президент Әкімшілігіне ақпарат	2025 жыл	Үкімет
3. Әйелдерге қатысты кемсітушілікті жою				
6.	Отбасылық-тұрмыстық қатынастар саласындағы зорлық-зомбылыққа қатысты қылмыстар мен құқық бұзушылықтардың алдын алуға әлеуметтік-психологиялық түзету практикасын енгізу	Заң жобасы	2025 жылғы наурыз	Үкімет
7.	Аудан орталықтарында және шалғайдағы елді мекендерде тұрмыстық зорлық-зомбылықтан зардап шеккен әйелдер мен балаларға көмек көрсету бойынша тұрақты жұмыс істейтін мамандандырылған (дағдарыстық) орталықтардың санын көбейту	әкімдіктермен меморандумдар жасасу	2024-2025 жылдар	Үкімет
8.	Әйелдерге, қыздарға және басқа да осал топтарға қатысты зорлық-зомбылықтың алдын алуға байланысты профилактикалық іс-шараларға тарту мақсатында отбасын қолдау орталықтарының әлеуетін нығайту	әкімдіктермен меморандумдар жасасу	2024-2025 жылдар	Үкімет
9.	Әкімдіктердің даму жоспарларына әйелдер мен балаларды қоса алғанда, жеке адамға қатысты зорлық-зомбылық қылмыстарының профилактикасы жөніндегі нысаналы индикаторларды енгізу	Президент Әкімшілігіне ақпарат	2024 жылғы желтоқсан	Үкімет, СЖРА
10.	Отбасылық-тұрмыстық зорлық-зомбылық саласындағы қылмыстық заңнаманы қатандату	Заң жобасы	2024 жылғы қаңтар	Үкімет
11.	ІІМ-де қызметкер әйелдерді барынша көбірек тарта отырып, отбасылық-тұрмыстық зорлық-зомбылыққа қарсы күрес жөніндегі мамандандырылған бөлімшені құру	бұйрық	2024 жыл	Үкімет
12.	Шағымдарды беру мен қараудың тиімді рәсімдерін, құқықтық қорғау құралдары мен санкцияларды көздей отырып, халықаралық нормалар мен стандарттарға сәйкес «жұмыс орнындағы жыныстық қудалау» ұғымын айқындауды қамтитын еңбек қатынастары саласындағы заңнаманы жетілдіру	Заң жобасы	2024 жылғы сәуір	Үкімет
13.	«Жанжалдарды болғызбау мен реттеуге, бейбітшілік пен қауіпсіздікті қамтамасыз етуге, әйелдерге қарсы зорлық-зомбылықтың алдын алуға, хабарлар болуды арттыруға, жанжалдардың алдын алу мен әйелдерді қорғау мәселелерінде азаматтық қоғаммен өзара іс-қимылды күшейтуге әйелдердің тең құқылы және жан-жақты қатысуы бойынша Біріккен Ұлттар Ұйымының Қауіпсіздік Кеңесі қабылдаған 1325 (2000), 1820, 1888, 1889, 1960, 2106, 2122, 2242, 2467-қарарларды іске асыру жөніндегі 2022 — 2025 жылдарға арналған іс-шаралар жоспарын бекіту туралы» ҚР Үкіметінің 2021 жылғы 24 желтоқсандағы № 935 қаулысын жаңарту	Үкімет қаулысы	2024 жылғы маусым	Үкімет

4. Қылмыстық сот төрелігі, жазаны орындау және азаптау мен қатыгездікпен қараудың алдын алу саласындағы адам құқықтары				
14.	Халықаралық ұйымдар мен бизнесті тартып, еңбек нарығындағы сұранысты ескере отырып, қылмыстық-атқару жүйесінің мекемелерінде сотталғандарды кәсіптік даярлау курстарын жаңарту	оқу бағдарламаларын және әдістемелерін жаңарту	2024-2025 жылдар	Үкімет, «Атамекен» ҰКП
15.	Халықаралық ұйымдар мен бизнесті тарта отырып, қылмыстық-атқару жүйесінің мекемелеріндегі шеберханалардың материалдық-техникалық базасын жаңарту	қанатқақты жобалар	2024 жыл	Үкімет
16.	Қылмыстық-атқару жүйесінің мекемелерінде жазасын өтеп жүрген, сондай-ақ пробация қызметінің есебінде тұрған адамдарды жұмысқа орналастыруға қатысатын шағын және орта бизнес субъектілерін қолдау шараларын заңнамалық деңгейде енгізу	Заң жобасы	2025 жылғы желтоқсан	Үкімет, «Атамекен» ҰКП (келісім бойынша)
17.	БҰҰ, ЕҚЫҰ органдары мен институттарын ықтимал тарта отырып, бас бостандығынан айыру орындарында жазасын өтеген адамдарды қайта әлеуметтендіру бойынша қанатқақты жобаларды әзірлеу және енгізу	қанатқақты жобалар	2024-2025 жылдар	Үкімет
18.	Азаматтардың жазаны өтеуден шартты түрде мерзімінен бұрын босату және жазаның өтелмеген бөлігін жазаның неғұрлым жеңіл түрімен ауыстыру туралы өтініштерін қарау бойынша функцияларды алқабилер қатысатын сотқа беру жөніндегі пилоттық жобаны әзірлеу және енгізу	Заң жобасы	2025 жыл	Үкімет, БП, СӨ
19.	Жаңартылған Ыстанбұл хаттамасының ұсынымдарына толық сәйкес болу үшін нормативтік құқықтық актілерге сот-медициналық және сот-психологиялық-психиатриялық сараптамалар жүргізу мәселелері бойынша түзетулер енгізу	бұйрықтар	2024 жыл	Үкімет
20.	Сот-медициналық және сот-психологиялық-психиатриялық сараптамалардың әдістемесін жаңартылған Ыстанбұл хаттамасының ұсынымдарына сәйкес келтіру	Президент Әкімшілігіне ақпарат	2024 жылғы қараша	Үкімет
21.	Жаңартылған Ыстанбұл хаттамасы мен БҰҰ органдарының ұсынымдарына сәйкес азаптау және қатыгездікпен қарау құрбандарына келтірілген зиянды өтеу, сондай-ақ оларды оңалту тетігін жетілдіру жөнінде ұсыныстар әзірлеу	Президент Әкімшілігіне ұсыныстар	2024 жылғы маусым	СӨ, БП, Үкімет
22.	ЕҚЫҰ-ны, БҰҰ-ны және өзге де халықаралық ұйымдарды әріптестікке ықтимал шақыра отырып, құқықтық көмек көрсету кезіндегі біліктілігін арттыру мақсатында адвокаттар мен заң консультанттары үшін семинар-тренингтер өткізу	тренингтер	2024-2025 жылдар	Үкімет, СӨ
23.	ҚР Қылмыстық кодекстің мына баптарына түсініктемелер дайындау: 50-бап «Белгілі бір лауазымды атқару немесе белгілі бір қызметпен айналысу құқығынан айыру»; 131-бап «Қорлау»; 145-бап «Адамның және азаматтың тең құқықтылығын бұзу»; 405-бап «Қоғамдық немесе діни бірлестіктің не өзге де ұйымның экстремизмді немесе терроризмді жүзеге асыруына байланысты олардың қызметіне соттың тыйым салу немесе тарату туралы шешімінен кейін олардың қызметін ұйымдастыру және оған қатысу»	ҚР Қылмыстық кодексіне түсініктемелер	2024 жылғы маусым	БП, СӨ, Үкімет
24.	Кемсітушілікке қарсы заңнама және Нәсілдік кемсітушіліктің барлық нысандарын жою туралы халықаралық конвенцияны орындау мәселелері бойынша тұрақты жұмыс тобын құру және/немесе Адам құқықтары жөніндегі ұлттық орталықта кемсітушіліктің барлық нысандарын жою мәселелері жөніндегі жеке құрылымдық бөлімшені құру	Президент Әкімшілігіне ақпарат	2024 жылғы наурыз	Үкімет, АҚҰО (келісім бойынша)
5. Бірлесу бостандығы құқығы				
25.	Ведомстволық академияларды тарта отырып, коммуникация негіздері, көпшілік психологиясы, сындарлы диалог құрудың практикалық дағдылары бойынша жаттықтырушылар пулы үшін модульдер әзірлеу	оқу бағдарламаларының модульдерін енгізу	2024 жыл	Үкімет, БП, АҚҰО (келісім бойынша)
26.	Қоғамдық тәртіпті сақтаудың және тәртіпті бұзуға ден қоюдың ең үздік практикаларын қолдану бойынша әдістемелік ұсынымдар әзірлеу	әдістемелік ұсынымдар	2024 жылғы желтоқсан	Үкімет, БП, АҚҰО (келісім бойынша)

27.	ЕҚЫҰ, БҰҰ сарапшыларын ықтимал тарта отырып, «Азаматтық белсенділермен тиімді коммуникациялар және ынтымақтастық» тақырыбында семинар-тренингтер өткізу	тренингтер	2024-2025 жылдар	Үкімет, АҚҰО (келісім бойынша)
28.	Бейбіт жиналыстар өткізуге байланысты орталық және жергілікті атқарушы органдардың ведомствоаралық өзара іс-қимылын жетілдіру жөнінде ұсыныстар әзірлеу	Президент Әкімшілігіне ұсыныстар	2024 жылғы желтоқсан	Үкімет, БП, АҚҰО (келісім бойынша)
29.	«Диалогті полиция» моделін енгізу арқылы бейбіт жиналыстар кезінде мемлекеттік органдар мен қоғам арасындағы сындарлы және инклюзивті өзара іс-қимыл мақсатында құқық қорғау органдары мен арнаулы органдардың, жергілікті өкілді және атқарушы органдардың қызметкерлерін оқыту	тренингтер	2024-2025 жылдар	Үкімет, БП, АҚҰО (келісім бойынша)
30.	БҰҰ АҚЖКБ әзірлеген индикаторлардың негізінде наным және діни сенім бостандығының сақталуын бағалаудың ұлттық индикаторларын енгізу	Президент Әкімшілігіне ақпарат	2025 жылғы наурыз	Үкімет, АҚҰО (келісім бойынша), СЖРА
31.	БҰҰ және ЕҚЫҰ институттарын ықтимал тарта отырып, діни сенім бостандығы құқықтарын қорғауды қамтамасыз ету мәселесі бойынша мемлекеттік органдар үшін тренинг-семинарлар өткізу	тренингтер	2024-2025 жылдар	Үкімет, АҚҰО (келісім бойынша)
32.	СІМ жанындағы «Адами өлшем бойынша диалогтік алаң» консультативтік-кеңесші органының қызметін жетілдіру: 1) мемлекеттік органдар мен азаматтық қоғам өкілдерінің қатысуымен тақырыптық кіші топтар құру; 2) ұсынымдар мен тиісті жоспарларды қалыптастыру; 3) азаматтық қоғаммен бірлескен жобаларды іске асыру	Президент Әкімшілігіне ақпарат	2024 жылғы қараша	Үкімет, АҚҰО (келісім бойынша)
33.	БҰҰ және ЕҚЫҰ институттарын ықтимал тарта отырып, Президенттің «Адал азамат» (жауапты азамат) тұжырымдамасы шеңберінде халықтың құқықтарын, міндеттемелері мен жауапкершілігін түсіндіре отырып, оларды құқықтық ағарту	Президент Әкімшілігіне ақпарат	2024 жылғы маусым	Үкімет, АҚҰО (келісім бойынша)
6. Мигранттарға, азаматтығы жоқ адамдарға және босқындарға қатысты адам құқықтары				
34.	Бала медициналық мекемелерден тыс жерде туған жағдайда туу фактісін тіркеу бөлігінде заңнаманы жетілдіру жөнінде ұсыныстар енгізу	Президент Әкімшілігіне ақпарат	2024 жылғы қазан	Үкімет, АҚҰО (келісім бойынша)
35.	ЕХӘҚМ, ҰҚК және ІІМ арасында босқындардың құқықтық мәртебесі мәселелері бойынша өзара ынтымақтастық туралы меморандум жасасу	меморандум	2024 жылғы қараша	Үкімет, АҚҰО (келісім бойынша), ҰҚК
7. Мүмкіндігі шектеулі адамдарға қатысты адам құқықтары				
36.	Қазақстан Республикасындағы инклюзивті саясаттың 2030 жылға дейінгі тұжырымдамасын қабылдау	Үкімет қаулысы	2024 жылғы желтоқсан	Үкімет, АҚҰО (келісім бойынша), БП
8. Еңбек етуге, еңбекті қорғауға және кәсіподақтың қызметіне құқық				
37.	Қазақстан Республикасындағы қауіпсіз еңбектің 2030 жылға дейінгі тұжырымдамасын қабылдау	Үкімет қаулысы	2024 жыл	Үкімет
38.	Қауіпсіз еңбек саласындағы заңнаманың талаптарын күшейту	Заң жобасы	2024 жыл	Үкімет
39.	Еңбек заңнамасын қолдану бойынша біліктілігін арттыру мақсатында кәсіподақтардың өкілдері мен жұмыс берушілер үшін семинар-тренингтерді ұйымдастыру және өткізу	тренингтер	2024-2025 жылдар	Үкімет
40.	«Шахталардағы еңбек қауіпсіздігі және гигиенасы туралы» Халықаралық еңбек ұйымының № 176 конвенциясын ратификациялау туралы ұсынысты қарау	Президент Әкімшілігіне ақпарат	2024 жылғы желтоқсан	Үкімет, АҚҰО (келісім бойынша), БП
9. Кәсіпкерлік қызметтегі адам құқықтары				
41.	БҰҰ-ның басшылық қағидаттарын ескере отырып, кәсіпкерлік қызметте адам құқықтарының сақталуын қамтамасыз ету бойынша ұсыныстар әзірлеу	ҚР Үкіметі жанынан жұмыс тобын құру	2024 жыл	Үкімет, АҚҰО (келісім бойынша)

Ескертпе: аббревиатуралардың толық жазылуы:

АҚҰО	—	Қазақстан Республикасындағы Адам құқықтары жөніндегі ұлттық орталық
АҚЖКБ	—	БҰҰ Адам құқықтары жөніндегі жоғарғы комиссардың басқармасы
«Атамекен» ҰКП	—	«Атамекен» Қазақстан Республикасының Ұлттық кәсіпкерлер палатасы
БП	—	Қазақстан Республикасының Бас прокуратурасы
БҰҰ	—	Біріккен Ұлттар Ұйымы
ЕҚЫҰ	—	Еуропадағы қауіпсіздік және ынтымақтастық ұйымы
ЕХӘҚМ	—	Қазақстан Республикасының Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігі
СЖРА	—	Қазақстан Республикасының Стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігі
СӨ	—	Қазақстан Республикасының Сот әкімшілігі
СІМ	—	Қазақстан Республикасының Сыртқы істер министрлігі
ҰҚК	—	Қазақстан Республикасының Ұлттық қауіпсіздік комитеті
ІІМ	—	Қазақстан Республикасының Ішкі істер министрлігі